

ЦИКЛОГРАММА
І апта Сәуір 2021ж
Мектепалды даярлық тобы

Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»
Тақырыпша: «Аялайық гүлдерді»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-ана-ла рмен әңгімелесу	Ата-аналармен аман-дасу. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу. қабылдау барысында дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека № 25 «Құрымдалған ойын» «Дұрыс көрсет, ажырат» Мақсаты: Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы біледі, олардың атауларын айта алады. 4К моделі бала үні,жаппай бақылау	Картотека №9 «Құрымдалған ойын» «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алады бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді. 4К моделі бала үні,жаппай бақылау	«Құрымдалған ойын» «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: балалар әр түрлі мамандық иелерін біледі. 4К моделі бала үні,жаппай бақылау	Картотека №8 «Құрымдалған ойын» «Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндай алады. 4К моделі бала үні,жаппай бақылау	«Құрымдалған ойын» Бақша да ма,бау да ма? Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырата алады. 4К моделі бала үні,жаппай бақылау
	Әлеумет саласы картотекасы. (картотека қосымша тігілген)				
Таңертеңгі гимнастика	Сәуір айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы салауатты өмір салтына тәрбиелеу.				
Таңғы ас	Сауықтыру шаралары: Ауызды жуу, жылы сумен шаю. Ас мәзіріне отыру.Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін				

Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Гүлдер әлемі . Мақсаты:Дала гүлдерінің түрлерімен танысады. Гүлдердің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын айтуын, оларды баптап, күту ережелерімен танысады. Ресустар:Дидактикалық материалдар. Әдіс -тәсілдер:4К моделі,бала үні,саралау бақылау. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Шаттық шеңбер Кел, балалар күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек, Көңілденіп жүрейік. 2. Қызығушылықтарын ояту. Ақ қар еріп, су көбейіп, Сай салаға толады. Ағаш басы бүршік ашып, Гүл бәйшешекке толады. Бөбектерім айтындаршы, Бұл қай мезгіл болады? -Дұрыс балалар, қазір көктем мезгілі. -Көктем мезгілінде неше ай бар? -Қазір көктемнің қай айы? -Көктемде табиғат өзгерістері қандай болады? Сыни ойлау, коммуникатив дағды. 3.Ой қозғау. Терезелердің алдында не тұрады?	1.Денешынықтыру Педагог жоспары бойынша 2. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Ц ц дыбысы мен әрпі. Ч ч дыбысы мен әрпі Мақсаты: Ц, ч дыбыстары және әріптерімен танысады. Ц, ч дыбыстары кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді Ресустар:Дидактикалық материалдар. Әдіс -тәсілдер:4К моделі,бала үні,саралау бақылау. ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ Шаттық шеңбері. Алтын сәуле арайлы Бақшамызға тарайды. Қуанышпен шат күліп, Қарсы алайық арайды Ой дамыту Суретпен жұмыс Суреттегі балалардың қандай спорт түрімен шұғылданып жүргенін айтады. Блум таксономиясы. Пед жет ойын: «Қандай дыбыс естідің?» Шарты: Сөздегі дыбысты ажырату. Чемпион сөзінде қандай дыбыс бірінші естіледі? Бүгінгі танысатын дыбыс Ч дыбысы екенін түсіндіру. Чемпион сөзін буынға бөлу Сыни ойлау, коммуникативтік дағды 2-тапсырма. Суреттегі заттарды атайды. Чемодан, чек, почта сөздерін буынға бөледі.	1.Денешынықтыру Педагог жоспары бойынша 2.Математика негіздері Тақырыбы. Сыр сандық Мақсаты. Балалар әртүрлі тапсырмаларды орындай білуге үйренеді. Балалардың қызығушылықтары, есте сақтау қабілеттері артады. Ресустар:Тақырып бойынша көрнекіліктер. Әдіс -тәсілдер:4К моделі,бала үні,саралау бақылау. ҰОҚ өтілу барысы 1.Шаттық шеңбері. «Кел,балалар күлейік» Ө.Тұрманжанов. Кел,балалар күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек. Көңілді болып жүрейік! Балалардың қызығушылықтарын ояту. Ой балалар, мұнда біреу сандықша тастап кетіпті. Кане сандықшаны ашып көрейікші. Сандықтың есігінде құлып тұр екен. Бізге оны ашу үшін не керек? (Құлыпты ашу үшін бізге кілт керек!) Ашылмайды? Не істейміз? Сыни ойлау, бала үні. Тосын сәт. Топқа Буратино кіреді. – Сәлеметсіңдер ме, балалар! – Балалар бұл сандықты ашуға мен көмектесейін. Менің сиқырлы кілтімнің ашпайтын құлпы жоқ. Бірақ	1. Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: Дыбыстар мен әріптер сыры Мақсаты: Балалар өтілген дыбыстарды қайталайды Ресустар:Тақырып бойынша көрнекіліктер. Әдіс -тәсілдер:4К моделі,бала үні,саралау бақылау. ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбер Алтын сәуле арайлы Бақшамызға тарайды. Қуанышпен шат күліп, Қарсы алайық арайды Ой дамыту. 1-тапсырма. Суретпен жұмыс. Пед жет ойын: «Әріптер сыры» Шарты:Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырманы орындайды. – Өзің тұратын жер атауының бірінші әрпін тауып көрсет. Балалар кезекпен сұрақтарға жауап береді Әліпбиге қарап дауысты дыбыстарды ата. Өз аты-жөнің қандай әріптен басталады? 2-тапсырма. Пед жет ойын: «Дыбыстық талдау» Шарты:Көк және қызыл шаршылармен талдау жасайды. Суреттегілерді атайды: аққу, гүл, бұзау қонжық. Осы сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Балалар көк және қызыл	1.Денешынықтыру. Педагог жоспары бойынша 2.Мүсіндеу Тақырыбы: «Мерекеге арналған гүл» Мақсаты: Пластилинография дайын суреттің үстіне ермексазды жапсырады. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларына Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер Әдіс-тәсілі: 4К сурет арқылы топтастыру, командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбері. Табиғат ана. Н. Жанаев Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. II.Қызығушылықтарын ояту. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Суықта солмайды, Аязда тоңбайды. (жасанды гүл) Көркіне көрік, Жазға серік. Не? (гүл) 2.1Ой дамыту -Гүл туралы түсінік беру. -Сұрақ – жауап . – Гүл нешеге бөлінеді? -Гүл өсіп – өну үшін не керек? - Жарық, жылу, су,ауа.
---	--	--	---	---	--

Дұрыс айтасыңдар, ендеше бүгін гүлдер туралы әңгімелесеміз. 4.Әңгіме жүргізу. Сұрақ -жауап -Балалар сендер қандай гүлдерді білесіңдер? -Топта ұндай гүлдер бар? Жарайсыңдар!Гүлдер өсіп тұрған бөлмеде біз өзімізді қуанышты сезінеміз, көңіліміз көтеріңкі болады. -Балалар, гүлдер үш топқа бөлінеді 1.дала гүлдері, 2.бөлме гүлдері, 3.емдік гүлдері. (Слайд арқылы көрсету). Дала гүлдері: бәйшешек, раушан, қызғалдақ, бақбақ, астра. Бұл гүлдер көктемде, жазда өседі. Бөлме гүлдері: қазтамақ, кактус, фикус, пальма. Бұл гүлдер жылдың төрт мезгілінде бөлмеде өседі. Гүлдің жақсы өсуі үшін жарық, ылғалды ауа және бөлме температурасы бірқалыпты, яғни жылы болу керек. Емдік гүлдері: алоэ, анис, адыраспан, түймедақ, қалампыр. Бұл гүлдер бөлмеде де, далада да өседі Алоэ гүлі - оның жапырақтары тікенекті болғанымен қолымызға кірмейді. Алоэның емдік қасиеті бар, егер де жүгіріп бара жатырып, жарақат алған жағдайда осы алоэ кескінін кесіп алып, жарақат алған жерге тигізіп біраз	Педагог сөздердің мағынасын түсіндіреді. Ескерту: Ч дыбысы өзге тілден енгендіктен қазақ тілінде ч дыбысына келетін сөздер жоқ. Сондықтан чемодан, почта сөздерін (қазір шабадан, пошта деп айтамыз) Сөздердің буындық белгілерін көрсетеді. Ч дыбысының қай буыннан естілетіні табады. Ч – қатаң дауыссыз дыбыс. Кедергіге ұшырап, қысқа айтылып тұр. Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы. Сергіту сәті Біз шыныққан баламыз, Суда жүзе аламыз. Желбіретіп көк туын, Чемпиондар боламыз. 3-тапсырма. Құрлымдалған ойын: «Ч әрпін құрастырып жаз» Тақтадағы ч әрпінің пішініне қарап, балалар ермексازдан және мата қиындысынан ч әрпін жасайды. Креативтілік дағды, командада жұмыс. 4-тапсырма Пед жет ойын: «Сөз ойла, тез ойла» Ч дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді Чемодан сөзіне дыбыстық талдау жасату Сыни ойлау, коммуникатив дағды. Қортынды Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.	сендер алдымен менің сендерге дайындаған тапсырмаларымды орындасаңдар ғана сандықшаның құлпын ашып беремін. – Балалар, біз Буратиноның дайындаған тапсырмаларын орындауға дайынбыз ба? (Әрине, дайынбыз). Блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Пед жет ойын: «Тура , кері санау» 1-тапсырма. қызыл түсті конверт. 1-ден 5-ге дейін тура ,кері сана. 2 – тапсырма. көк түсті конверт. Құрлымдалған ойын: «Геометриялық пішіндерді ажырат» Шарты: Балалар пішіндерді ажыратып жинау. 3 – тапсырма. сары түсті конверт. Пед жет ойын: Жұмбақ есеп. 1.Саматта екі алма болды, ол бір алмасын досына берді. Неше алма өзінде қалды? 2.Ағашта төрт алмұрт, Айман алып екеуін, Қалдырған екен нешеуін? 3.Сәуле үйге дүкеннен апельсин, мандарин, алма , банан, жүзім сатып алды. Санап шықшы неше жеміс алды? 4. 5 көжсек орманға, Бара жатыр қорбаңдап. Бірі олардың шаршады,	түстің нені білдіретінін естеріне түсіреді. Сыни ойлау, коммуникатив дағды. Сергіту сәті 3-тапсырма Екі киіз үйдің түтінінің айырмашылығын табады. Дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып бөлінетінін. 4-тапсырма. Пед жет ойын: «Орын толықтыр» Метаграммалар оқу Шарты: Балалар әріптің жасырын бөлігін тауып толықтырады. Әріптің дауысты әлде дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. Бірінші киіз үйдің түті-нен шыққан әріптерді және екінші киіз үйден шыққан әріптерді дауыс-тап атайды Ой қозғау. Топпен жұмыс Балаларды топқа бөлу. 1-топ. Құрлымдалған ойын: «Кім тапқыр?» Шарты: Биік дуалдан асып түсе алмай жақан әріпті тауып, толық бейнесін салады. Сол әріп кездесетін сөз тауып, сөйлем құрайды. 2-топ. Құрлымдалған ойын: «Қандай әріп?» Шарты: Спортзалдағы әріптің созылған түрін дұрыстап өз пішініне келтіру. Әріптен басталатын сөз ойлап айту.Сөзге дыбыстық талдау жасау.	Сыни ойлау, коммуникатив дағды. Саусақ жаттығуы: «Дос болайық» Торғайлармен дос болайық Көңілдірек қанекей. Жем береміз, бәріміз. Егер жаңбыр жауа қалса, Тығыламыз бәріміз. күн шуағын шашса бізге, қуанамыз бәріміз. Балалардың өз бетінше жұмысы Дайын гүл суретінің үстіне ермексазды жапсырады. Қадағалау, көмектесу 4К моделі, креативтілік дағды, жаппай бақылау. Құрлымдалған ойын: ойын: «Біздің көрме» Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастыру, бағалау. Қортынды Балаларды мадақтау.
--	--	---	---	---

уақыт ұстап тұрсақ, жара жылдам жазылады. (Балалар тыңдайды.) 4.Ароматерапия . Кәне көзімізді жұмайық Өзімізді гүлдердін арасында жүргендей сезінеміз.Көбелектер сияқты әр гүлге қонып жүрген сияқтымыз Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы. 5. Ой қозғау Жұмбақ жасыру. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Иісі неткен аңқыған ,жұпар иісті Бір өсімдік бар: Бір көргенде сап-сары, Бір көргенде аппақ Үрлесең ұшып кетеді.Бұл не? (Бақбақ) Бақбақ гүлі туралы түсінік беру. АКТ. Бақбақ гүлі 	3. Жапсыру Тақырыбы: «Гүлдер әлемі» Мақсаты:Гүлдердің түрлерімен танысады. Гүлдерді аялай білуге әсемдікті сезіне білуге тәрбиеленеді. Ресурстар: АКТ, гүлдердің суреті. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау. Блум таксономиясы, бақылау Жылулық шеңбері: Аспанымыз ашық болсын! Балабақшамыз гүлге толсын! Табиғатымыз таза болсын! Жеріміз гүлге толсын! Балабақшамыз гүлдене берсін! Ой дамыту. АКТтехнологиясы. Гүлдер туралы түсінік беру. Бәйшешек гүлі - ол ерте көктемде қар еріп жатқан кезде тауда гүлдейді. Түсі-ақ Қызғалдақ-қырда өседі. Түсі-қызыл Раушан гүлі- барлық гүлдердің патшасы, сұлулық пен әсемдіктің белгісі. Түсі –ақ, қызғылт, қызыл Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы. Сергіту сәті: Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті Үш саусғым оранды, Жүгірмеді қаламды Өнерлі екен он саусақ Қала салсақ , жол салсақ	Әрі қарай бармады. Жауабын тез айт. Қаниша қонжық кетті орманға? Сыни ойлау, комуникатив дағды. Сергіту сәті: Бір дегенде-тік тұрамыз. Екі дегенде-екі рет айналамыз. Үш дегенде-үш рет секіреміз. Төрт дегенде-отырамыз 4 – тапсырма. Жасыл түсті конверт. Құрлымдалған ойын: «Түстерін сәйкестендір» Шарты: суреттегі түрлі түсті үйлерге пішіндерді түстеріне қарай орналастыру. Буратино: – Жарайсыңдар балалар сендер менің дайындаған тапсырмалар-ымды дұрыс орындадыңдар. Енді мен өзінің сиқырлы кілтіммен сандықты ашып берейін. Буратино сандықты ашады. Сандықтың ішінен шыққан сыйлықты балаларға таратып беру Қорытынды. Балалар бүгін бізге қонаққа кім келді? – Біз қандай тапсырмалар орындадық? – Бүгінгі оқу қызметі ұнады ма? Балаларды оқу қызметі соңында мақтап, мадақтау. 3. Музыка Педагог жоспары бойынша	3- топ. Пед жет ойын: «Кім жылдам?» Шарты: Қайық шетіне жабысып жатқан әріпті тауып, қайықпен байланыстырып сөйлем құрату, сөйлемге сызба жасау. Сыни ойлау, комуникатив дағды, командада жұмыс. Қортынды Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау. 2.Көркем әдебиет Тақырыбы: Б.Османов «Гүлдердің таласы» ертегі Мақсаты: Ертегінің мазмұнымен , кейіпкерлері-мен танысады, ертегіні тыңдап, ертегі бойынша сұрақтарға жауап бере алады. Ресурстар: АКТ, гүлдердің суреті. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау. Блум таксономиясы, бақылау ҰОҚ өтілу барысы: Шаттық шеңбері. «Біз балдырған баламыз» Біз балдырған баламыз, Құстай қанат қағамыз. Дүниені аралап, Оқып білім аламыз. Қызығушылықты ояту. Ой қозғау. Балалар, қандай гүлдерді білесіңдер? Гүлдердің адамдарға қандай пайдасы бар?
--	---	---	---

	дәріге жарамды. Жемісін пісуден бұрын қазып алып, жас күйінде немесе кептіріп, дәрі жасайды. Бақбақ кішкентай күнге ұқсайды. Бақбақ көкек айынан бастап, күзге дейін гүлдейді. Бақбақ алғаш шыққанда гүлінің түсі сап-сары болғандықтан алқап сары бояуға енеді. Гүлден ақ ұлпек шыққанда, алқаптың бәрі аппақ болады, сондықтан бақбақ гүлін «үлгілдек» деп те атайды. Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы. 6. Сергіту сәті: Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап демалам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. Пед жетекшілігімен ойын: «Ойын: «Мұқият бол!» Шарты: бір неше сөздер айтылады соның ішінен «бақбақ» сөзің естісе шапалақтайды. (Қызғалдақ, тоқылдақ, бақбақ, тақпақ, бақбақ, балмұздақ, жапырақ, бақбақ, топырақ, бақбақ, қызанақ, қуырдақ, бақбақ) Құрлымдалған ойын: «Гүлдер әлемі» Шарты: Суретте берілген гүлдерді құрастыру. 8. Қорытынды. Балаларды мадақтау 2. Жаратылыстану Тақырыбы:. Туған жердің табиғаты	Пед жет ойын: «Не қажет?» Шарты: Берілген суретке қажет затты атау. Шығармашылық жұмыс. Оқу ортасы арқылы саралау Топтарға бөлу. Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету. Құрлымдалған ойын: «Гүлдер әлемі» Шарты: Әр топ өзіне берілген гүлдерді жапсырады. 1 топ: «Бәйшешек» гүлі 2 топ: «Қызғалдақ» гүлі 3 топ: «Раушан» гүлі Өз беттерінше жұмыс жасау. Гүлдердің суретін жапсыру. Қадағалау көмектесу. Сыни ойлау, креативтілік дағды, командада жұмыс, жаппай бақылау. ҰОҚ қорытынды Галерея шарлау әдісі. Бір бірін бағалайды. 4. Орыс тілі Педагог жоспары бойынша	4. Өзін өзі тану. Тақырыбы: «Менің есімім». Мақсаты: Әрбір бала қайталанбайтын жеке тұлға екенін түсінеді. Ресустар: Дидактикалық материалдар. Әдіс -тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау бақылау. Ұйымдастыру Шаттық шеңбер Әңгімелесу: Балалар сендер өз есімдерің жайлы әңгімелесіп көрдіңдер ме? Есімдерің өздеріңе ұнайды ма? Тәрбиеші адам есімдерінің сырын ұғындыру мақсатында мәтін оқып береді. «Әйбат есімдер» К.Ыбыраев. Мәтін желісі бойынша сұрақтар қою. Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы. Тыныштық сәті: Пед жет ойын: «Мадақтау» Балалар жұптасып тұрады: -үлкен мен кіші —ата мен бала -әже мен бала -ана мен бала -іні мен қарындас т.б. Сергіту сәті: Бала, бала, балақан, Қане, қайсы алақан, Саусақтарың әйбәт, Былай, былай ойнап. Құрлымдалған ойын: «Жақсы жаман»	Гүлдерді қалай күтіп баптаймыз? Гүлдерді тағы қандай мақсатта пайдаланамыз? Ой дамыту Ертегі туралы түсінік беру. Б.Османов «Гүлдердің таласы» ертегі Ертегі желісі арқылы сұрақ –жауап Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, Блум таксономиясы. Сергіту сәті Біз гүлдерше өсеміз Жапырағы жайқалған Сабақтары салалы Желге ырғалып шайқалған Пед жет ойын: «Гүлге не қажет?» Гүлге арналған құралдарды тауып тақтаға іледі Құрлымдалған ойын: «Гүлді ретімен орналастыр!» Шарты: улестірмелі материалдар арқылы, гүлдерді атап, ретімен орналастыру 4К моделі, бала үні, жаппай бақылау. ҰОҚ қорытындылау. Балаларға жұлдызша беру арқылы мадақтау 3. СУРЕТ Тақырыбы: Құмырадығы гүл. Мақсаты: Балалар гүл	
--	--	--	---	---	--

Мақсаты: Туған жердің табиғатына деген қызығушылықтары оянады. Тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылай біледі. Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер Әдіс-тәсілі: 4К сурет арқылы топтастыру, командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ. Шаттық шеңбері. Н. Жанаев. Табиғат – анамыз. Табиғат ол – анамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз. II. Қызығушылықты ояту. 1. Ой қозғау: - Жыл мезгілдеріне саяхат. - Сюжетті суреттермен жұмыс. - Бір жылда неше мезгіл бар? - Әр мезгілдегі табиғаттың көрінісін ата? - Кімге қай мезгіл ұнайды? Несімен ұнайды? - Қазір қай мезгіл - - Табиғат пен адамның байлынысын атап өту. сыни ойлау, коммуникатив дағды, жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау, Блум таксономиясы. Сергіту сәті: «Құбылыстар» Пед жетекшілігімен ойын: «Табиғатпен сырласу». Авторы Г.Таласбаева.		Шарты: Суреттен жақсы мен жаман әдеттерді айырып топтау Сыни ойлау, командада жұмыс. Дәйексөз «Жұлдызың жоғары болсын» түсіндіру. Жүректен жүрекке Балаларды шеңберге жинап, бір-біріне есімдерін айта отырып, жақсы тілектерін білдіреді. Сыни ойлау, коммуникатив дағды. Сабақты қорыту. Жақсы ат салысып қатысқан балаларға сыйлық беріп, мақтап-мадақтау	туралы түсінеді. Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілін түсіне отырып, щеткамен шашырату әдісі арқылы гүлді бейнелейді. Ресурстар: Дидактикалық материалдар. Әдіс -тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау бақылау. Шаттық шеңбері. Табиғат ана. Н. Жанаев Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. II. Қызығушылықтарын ояту. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Суықта солмайды, Аязда тоңбайды. (жасанды гүл) Көркіне көрік, Жазға серік. Не? (гүл) 2. I Ой дамыту. АҚТ технологиясы. - Гүл туралы түсінік беру. - Сұрақ – жауап . – Гүл нешеге бөлінеді? - Гүл өсіп – өну үшін не керек? - Жарық, жылу, су, ауа. Үдеріс арқылы саралау, Блум таксономиясы. 2. Ой қозғау Дәстүрден тыс сурет салуда щеткамен шашырату әдісімен салу жолдарын түсіндіру, көрсету	
--	--	---	---	--

	-Сыйқырлы орындық арқылы табиғатқа саяхатқа бару. -Елестету. (көзді жұму) - мөп-мөлдір ағып жатқан сулар, жайнап өсіп тұрған гүлдер, құстар, тамаша табиғат. 1. Бұлаққа кездесу. -Бұлақтан су ішеміз. Ол үшін: Алға иілу, алу, ішу, тамсану. (рахат-ай) 2. Алма ағашына кездесу. -Ағаштан алманы алып жеу. Оң аяқ алға, сол аяқтың өкішесін көтеру, алу, қырт етіп тістеу, тәттісін-ай\ 2.Раушан гүліне кездесу. Алға иілу, алу, иіскеу, қажет емес ауаны сыртқа шығару. <i>4К моделі, Өнім арқылы саралау.</i> 3. Миза шабул Сұрақ – жауап. -Айналамызды қоршап , жайқалып өскен ағаштар не үшін керек? -Табиғат байлықтарына нелер жатады? -Оны қорғау деген не? -Табиғатты сүйе білу деген не? <i>Сыни ойлау,коммуникатив дағды.</i> 4.Табиғат туралы тиым сөздер. -Көк шөпті жұлма. -Құстың ұясын бұзба -Тал, шыбықпен ойнама. -Суды ластама -Құстарға тас лақтырма <i>Өнім арқылы саралау, жаппай бақылау.</i> <i>Пед жетекшілігімен ойын</i>			Саусақ жаттығуы: «Дос болайық» Торғайлармен дос болайық Көңілдірек қанекей. Жем береміз, бәріміз. Егер жаңбыр жауа қалса, Тығыламыз бәріміз. күн шуағын шашса бізге, қуанамыз бәріміз. 3. Балалардың өз бетінше жұмыс жасауы. <i>Қадағалау, көмектесу</i> <i>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.</i> Сергіту сәті: «Біз кішкентай баламыз» Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз. Көкке қолды созамыз, Құстай қанат қағамыз. Қарлығаш боп ұшамыз, 1-2-3 өсеміз де, толамыз. <i>Қ/Д ойын: «Біздің көрме»</i> Шарты: жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. Балалардың жұмысын бағалау. Қортынды Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.	
--	--	--	--	---	--

«Шатастырма» 1. Көктемде қар жауады. 2. Қазір күз мезгілі? 3. Қыста жапырақтар сарғаяды? 4. Жаз ең суық жылмезгілі? 5. Күзде бәйшешектер өседі? 6. Жазда балалар оқиды? Балаларды мадақтау. 3.Музыка Педагог жоспары бойынша 4.Қоршаған ортамен Тақырыбы: Өсімдік өмір сыйлайды Мақсаты:Күнделікті өмірде өсімдіктің алар орны мен маңызын терең түсінеді. Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер Әдіс-тәсілі: 4К сурет арқылы топтастыру, командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбері Аспан түрді түндігін Жерге сәуле жайылды Неткен ашық күн бүгін, Қайырлы таң, қайырлы! Қызығушылықтарын ояту Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру Қолы жоқ, аяғы жоқ- қозғалады, ауызы жоқ тыныс алады, қоректенеді,- бұл не болды? Сұрақ- жауап жұмбақтың шешуіне байланысты. Ой дамыту: Суретпен жұмыс				
--	--	--	--	--

	Балалар өсімдіктер қайда өседі? Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай? Өсімдік өсу үшін не керек? Өсімдіктер өсу үшін не істеуіміз керек? <i>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.</i> Топтарға бөлінеміз: 1-Топ: Бөлме гүлі (бөлме гүлдерін сүртіп, оларға күтім жасайды). 2-Топ: Дала гүлі. (Гүлдерді отырғызады.) 3-Топ: Бақша гүлі <i>Сыни ойлау, командамен жұмыс, жаппай бақылау.</i> Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Гүлдерге су құйайық Орнымыздан жылжисық, Басқа гүлге құйайық <i>Құрлымдалған ойын: «Не қайда өседі?»</i> Шарты:Әр өсімдікті өз үйіне орналастыр ҰОҚ қорытындылау. Сұрақ-жауап. Бағалау				
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека №1 Ауа райын бақылау <i>4К моделі,бала үні,жаппай бақылау.</i>	Картотека № 3 Желді бақылау <i>4К моделі,бала үні,жаппай бақылау.</i>	Картотека № 4 Аспанды бақылау <i>4К моделі,бала үні,жаппай бақылау.</i>	Картотека № 5 Бұлтты бақылау <i>4К моделі,бала үні,жаппай бақылау.</i>	Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау <i>4К моделі,бала үні,жаппай бақылау.</i>
	КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген				
Серуеннен оралу	Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				

Түскі ас	<i>ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i>				
Ұйқы	<i>Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.</i>				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары	<i>№ 2</i> Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. <i>4К моделі,бала үні,жаппай бақылау.</i>	<i>№ 2</i> Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. <i>4К моделі,бала үні,жаппай бақылау.</i>	<i>№3</i> Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. <i>4К моделі,бала үні,жаппай бақылау.</i>	<i>№3</i> Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. <i>4К моделі,бала үні,жаппай бақылау.</i>	<i>№4</i> Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық. <i>4К моделі,бала үні,жаппай бақылау.</i>
	<i>«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН. (Картотека қосымша тігілген)</i>				
Бесін ас	<i>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i>				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	<i>Картотека №1</i> «Таңғажайып алақан» Мақсаты: қиялын, бейнелі ойлауын, бейнелеу шеберлігін, көркемдік талғамын дамыту. <i>Шығармашылық картотекасы</i>	<i>Вариативтік бөлім</i>	<i>Картотека №2</i> «Сиқырлы түстер» дидактикалық ойыны Мақсаты: ойын барысында балалардың назарын және түрлі түстер мен реңктерге қызығушылығын, табиғат сұлулығын қабылдағанда қуаныш сезімін дамыту. <i>Шығармашылық картотекасы</i>	<i>Вариативтік бөлім</i>	<i>Вариативтік бөлім</i>
Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i>				
Серуен	<i>Картотека №1</i> Ауа райын бақылау <i>4К моделі,бала үні,жаппай бақылау.</i>	<i>Картотека № 3</i> Желді бақылау <i>4К моделі,бала үні,жаппай бақылау.</i>	<i>Картотека № 4</i> Аспанды бақылау <i>4К моделі,бала үні,жаппай бақылау.</i>	<i>Картотека № 5</i> Бұлтты бақылау <i>4К моделі,бала үні,жаппай бақылау.</i>	<i>Картотека №11</i> Ағаштарға бақылау жасау <i>4К моделі,бала үні,жаппай бақылау.</i>
	<i>СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ</i>				
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу. Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу. Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)</i>				

ЦИКЛОГРАММА
II апта Сәуір 2021ж
Мектепалды даярлық тобы.

Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»
Тақырыпша: «Аспан әлемінің сырлары»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгіме	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жазымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека № 20 «Құрымдалған ойын» «Кеңістікті бағдарлау» Мақсаты: балалар ойын арқылы кеңістікті бағдарлай біледі. <i>4К моделі бала үні,жаппай бақылау</i>	Картотека №18 «Құрымдалған ойын» «Көп және біреу» Мақсаты: көп және біреу қатынастарын біледі, заттардың тең, тең емес топтарын салыстырады. <i>4К моделі бала үні,жаппай бақылау</i>	Картотека № 16 «Құрымдалған ойын» «Айырмашылығын тап» Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба біледі; өз ойын айта алады. <i>4К моделі бала үні,жаппай бақылау</i>	Картотека №17 «Құрымдалған ойын» Төртінші артық» Ойын шарты: Басқаларына сәйкес келмейтін затты «геометриялық пішінді) алып тастау немесе боямау керек және топты жалпылама сөзбен атау қажет. <i>4К моделі бала үні,жаппай бақылау</i>	Картотека № «Құрымдалған ойын» «Жол картасын бейнеле» Мақсаты: жоғары–төмен ұғымдарын айта алады. <i>4К моделі бала үні,жаппай бақылау</i>
	МАТЕМАТИКА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ				
Таңертеңгі гимнастика	Сәуір айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз				
Таңғы ас	Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. «Ас дәмді болсын!» Ас құрамымен таныстыру				

Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу. Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.				
Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ғарышқа сапар» Мақсаты: Ғарыш әлеміне туралы түсіне отырып, қазақтың тұңғыш ғарышкерлері-мен танысады. Ресурстар:Зымыран суреті6 АҚТ технологиясы. Әдіс – тәсілдер:4К моделі, бақылау, саралау ҰОҚ өтілу барысы Психологиялық тренинг Бақыт – біздің сиқырлы шеңберіміз Бақыт – біздің достарға сенгеніміз Бақыт – таңнан біреумен достасуың Бақыт – кеште достармен қоштасуың Ой қозғау. АҚТ жұмыс. Ғарыш және ғарышкер туралы түсінік беру. -Ғарыш дегеніміз не? -Ғарышкер дегеніміз кім? -Қандай әуе көліктерін білесіңдер? - Мына суретте ең алғаш ғарышқа ұшқан адам Юрий Гагарин. -Ғарышқа қазақтардан кімдер бірінші болып ұшты?	1.Денешынықтыру. Педагог жоспары бойынша 2.Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: Сөйлем Мақсаты: Балалар сөйлем туралы түсінеді. Суретке қарап сөйлем құрайды Ресурстар:Дидактикалық материалдар. АКТ технологиясы Әдіс -тәсілдер:4К моделі,бала үні,саралау бақылау. Оқу қызметінің барысы: І.шаттық шеңбер Ән салуға барамыз Досымызды табамыз. Сәлемет пе! Міне, мен! Доспын енді сенімен. Балаларды топқа бөлу. ІІ.Қызығушылықты ояту Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру Өзі сондай нәзік, Су құйсақ кетеді. Алақанын жазып. Бұл не болды, балалар? Гүл. суретін көрсету. -Осы гүл сөзін пайдаланып бірнеше сөздер айтайық. Дала. Гүл. Ашыды. Әдемі. Бақ. осы сөздерді бір-бірімен байланыстырып айту. Балалар, біз бүгін сендермен сөйлем туралы түсініп, оның	1.Денешынықтыру Педагог жоспары бойынша 2.Математика негіздері Тақырыбы:Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Мақсаты: Балалар тура және кері санай алады. Ресурстар:Тақырып бойынша көрнекіліктер. Әдіс -тәсілдер:4К моделі,бала үні,саралау бақылау. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Шаттық шеңбер. Амансың ба Алтын күн! Амансың ба Көк аспан! Амансың ба достарым! Амансыз ба қонақтар! Ашық сұрақтар әдісі. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем -Көктем мезгілінде неше ай бар? - 3 ай -Наурыз, Сәуір, Мамыр. -Балалар бір аптада неше күн бар? -Жеті күн -Балалар, біз апта туралы қандай тақпақ білеміз? Апта деген ағайдың, Жеті бірдей ұлы бар Біріншісі Дүйсенбі Екіншісі Сейсенбі Үшіншісі Сәрсенбі Төртіншісі Бейсенбі Жұма деген бесінші ұл Алтыншы ұл ол сенбі	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Дауысты, дауыссыз дыбыстар Мақсаты: «Сөз», «дыбыс» түсініктері қалыптасады, дыбыстардың екі тобымен - дауысты, дауыссыз дыбыстарды атай алады. Ресурстар:Дидактикалық материалдар. АКТ технологиясы Әдіс -тәсілдер:4К моделі,бала үні,саралау бақылау. ҰОҚ өтілу барысы І.Шаттық шеңбері. Алтын сәуле арайлы Бақшамызға тарайды. Қуанышпен шат күліп, Қарсы алайық арайды ІІ. Қызығушылықты ояту. «Сөздер мен дыбыстар» еліне шақырады. - Мынау елді дыбыстар мекендейді. Олар көрінбейді, бірақ оларды естуге болады. Дыбыстар ұзақтығы бойынша әртүрлі болады (қысқа, ұзақ, орташа ұзақ) және олар түрлі үйшіктерде тұрады: дауысты дыбыстар — қызыл, ал дауыссыз дыбыстар — көк үйшіктерде. Дауысты дыбыстар жеңіл айтылады және оларды әндетуге болады. Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.	1.Қауіпсіз мінез – құлық негіздері Тақырыбы: Ұшақтар ұшып барады. Мақсаты: Ұшақтың ұшу жылдамдығын түсіне отырып, балалар батырлыққа тәрбиеленеді. Ресурстар:Дидактикалық материалдар. АКТ технологиясы Әдіс -тәсілдер:4К моделі,бала үні,саралау бақылау. Шаттық шеңбер Жарқырап күн де ашылды. Айналаға нұр шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз! Сұрақ-жауап Ой қозғау. Балалар сендер қандай мамандық түрлерін білесіңдер? (балалардың жауабы). - Дұрыс Мұғалім, дәрігер, құрылысшы, жүргізуші, өрт сөндіруші, дүкенші, шаштараз тағы басқа көп мамандар бар екен. Әрбір мамандық адамзатқа өте қажет екен.

	-Олар не себептен ғарышқа ұшады? (Аспан кеңістігін зерттейді) -Ғарыш айлағы қай қалада орналасқан? -Оны қалай атаймыз? Сыни ойлау. Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы. Сергіту сәті. Ал балалар тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Бой сергітіп алайық Ой дамыту. Балаларды топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау. Құрлымдалған ойын: «Ғарыш әлемі» 1-топ «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру» Ойын шарты: балалардың алдына аспанда болатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б. 2-топ Үлестірмелі материалмен жұмыс: «Зымыран құрастыру. Әртүрлі геометриялық фигуралардан зымыран құрастыру. Зымыран туралы әңгімелеу.	қалай жасалатынын үйренеміз. -Гүл қайда өседі? - Гүл қандай? - Енді осы сөздерді біріктіріп айтайық. — Далада әдемі гүл өседі. — Сөздер бірігіп белгілі аяқталған ойды білдіреді. Сөйлем төрт сөзден құралып тұр. Сөйлемде сөздер бір-бірімен байланысып тұр. Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы. Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық, Бой жазайық бәріміз. Мойнымызды бұрамыз, Қолымызды созамыз. Аяқтарын топ-топ басып, Орнымызға барамыз. Пед жет ойын: « Сөз ойла, тез ойла » Шарты: Ұяшықтар таңдап, шыққан әріптерден басталатын сөздер ойла Балаларды топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау. Құрлымдалған ойын: «Гүлдер әлемі» Шарты: Әр топ өзіне берілген гүлдерді құрастырып, дыбыстық талдау жасайды. 1 топ: «Бәйшешек» гүлі 2 топ: «Қызғалдақ» гүлі 3 топ: «Раушан» гүлі Қорытындылау. Балаларды мадақтау. Жұлдызша беру. 3.Жапсыру. Тақырыбы: «Ұшақ»	Жетіншісі Жексенбі. Өте жақсы! Балалар. Сыни ойлау,бала үні. Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт Есік қағылып топқа Дымбілмес сиқырлы сандықпен кіреді Сәлеметсің бе, Дымбілмес! Ал мынау қолыңдағы не? Бізге сыйлық әкелдің бе? Дымбілмес: Жоқ, бұл ма бұл (мұңаяды) Мен тек кәмпит жегенді, ойнағанды ұнатамын. Сабақ оқығым келмейді. Мына сандықтың аузын ашайын десем ашылмайды. Дымбілмес бұл жай сандық емес, сиқырлы сандық. Бұл сандықтың аузы кілтпен емес, біліммен ашылады. Бұл – білім сандығы. Ал мына сандықтың үстіндегі хатты көрдің бе? Дымбілмес: Ия, маған досымнан хат келді, жауабын шеше алмадым. Сендер маған көмектесесіңдер ме? Балалар көмектесеміз ба? Балалар: Ия. Олай болса, дымбілмеске көмектесейік! 1-Тапсырма Пед жет ойын: «Аюларға көмек» -Ал енді дымбілмес сен аюдың қалай жүретінін білесің бе? -(Ия, қоянша секіреді) -Балалар аю осылай жүре ме? -Жоқ. Олай болса аюдың жүрісін салайықшы. Суретпен жұмыс -Балалар осы аюлардың көлемдері қандай? (үлкен, орташа, кішкентай)	Пед жет ойын «Жел соғады» Шарты: Тіл және тыныс алу гимнастикасы жүргізіледі. (тілдің бұлышық етін белсендіру) «Дыбыс», «дауысты», «дауыссыз» дыбыстар ұғымдары қалыптасады. Пед жет ойын: «Әртістер» ойыны (а,о,у,ы,э дыбыстарын әндетіп айту) Дауысты дыбыстар көңілді айтылады. Сыни ойлау, бала үні, коммуникатив дағды, жаппай бақылау. Құрлымдалған ойын: «Не қандай дыбыс шығарады?» Шарты: дауыссыз дыбыстарды айту. Дауыссыз дыбыстарды айту барысында ауа кедергіге ұшырайды. Жазу кезінде дұрыс отыру ережесімен таныстырады. Ұзын және қысқа таяқшаларды жазуға үйретеді. Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы. Қортынды. «Сөздер мен дыбыстар» елінде саяхат барысында не білгендері туралы қорытындылау Балаларға жақсы жұмыстары үшін алғыс білдіреді. 2.Көркем әдебиет	Мысалы: дәрігер-адамдарды емдейді, мұғалім-балаларды оқытады, жүргізуші – көліктер жүргізеді, өрт сөндіруші – өрт сөндіреді. Ал бүгін біз сендермен тағы бір маман түрімен танысамыз – бұл ғарышкер - Ғарышкерлер дегеніміз кімдер? - Ғарышкерлер дегеніміз – олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы Тосын сәт. Аспан әлемінен қонаққа Жұлдыз келеді. Жұлдыз балаларды аспан әлеміне саяхатқа апарады. - Біз, қазір балалар, аспан әлеміне барамыз. Кәне, барлығың еркін отырып, көздеріңді жұмып, көз алдарыңа аспанда ұшып жүргендей болып елестетіңдер (ұнтаспадан музыка әуені естіледі). Біз ұшаққа отырып, аспанға көтерілдік. Аспанда күн бізге күлімсіреп қарап сәулесін шашып тұр. Кенет аспан әлемінде
--	--	---	---	--	--

Сыни ойлау, креативтілік дағды, командада жұмыс, жаппай бақылау,

Қортынды

Аспан, аспан, арайлым,
Саған жиі қараймын,
Сені көзбен шоламын,
Мен ғарышкер боламын.

2.Жаратылыстану.

Тақырыбы: «Ғажайып ғарыш»

Мақсаты: Балалар ғарыш, ғарыштық ұшулар, Байқоңыр ғарыш айлағы туралы түсінеді.

Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер
Әдіс-тәсілі: 4К сурет арқылы топтастыру, командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау
ҰОҚ өтілу барысы

І. Шаттық шеңбері.

"Бала,бала,баламыз"

Е.Өтетілеуұлы.

Бала,бала,баламыз,

Бақшамызға барамыз.

Күні-бойы қызыққа,

Батамызда қаламыз.

Пед жет ойын: «Кім тапқыр»

Жұмбақ жасыру:

Аспанда бір алып құс

Бізгеп ұшып барады.

Қарап тұрсаң, ғажайып,

Соңында із

қалады. **(Зымыран)**

Ұшқыш емес, бірақ ол

Аспанда қалықтап

ұшады

Мақсаты: Бейнеленген көгілдір қағаз ортасына ұшақ бейнесін қиып жапсырады. Ұшақтың қай көлік түріне жататынын түсінеді

Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер

Әдіс-тәсілі: 4К сурет арқылы топтастыру, командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау

Оқу қызметінің барысы:

Қызығушылықтарын ояту.

Пед жет ойын: «Кім жылдам?»

Жұмбақ жасыру.

Құс сияқты- құс емес

Самғап ұшқан биікке.

Қанаты бар қақпайды.

Жүрсе де сондай биікте.

Суретпен жұмыс.

Назарларын тақтаға аудару.

«Көліктер»

Сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер?

Ұшақ қандай көлік түріне жатады?

Балалар ұшақты кім ұшырады?

Балалар ұшақтар қайда ұшады?

Ал сендердің ұшқыш болғыларың келе ме?

Ұшқыш болу үшін не істеу керек?

Мазмұн арқылы саралау, Сыни ойлау, бала үні, жаппай бақылау.

Ұшақ жасауымыз керек.

Ендеше, біз нағыз ұшқыш болу үшін өзімізге ұшақ жасайық.

Ұшақ жасау үшін мына суретке назар аударайық.

-Балалар осы аюларға бал салып жейтін ыдыстарын табуға көмектесейік.

(балалар тиістісін қояды)

Өте тамаша! Балалар сендер бұл ұғымды біледі екенсіңдер.

2-Тапсырма


Пед жет ойын:

«Ретін тап»

Шарты: Адасып қалған

вагондарды ретімен


орналастыру. (1ден- 5 ке дейін)



Вагондардың артындағы логикалық сұрақтарға жауап беру.

Сандарды ауада жаздыру.

Карточкамен жұмыс. Заттар мен сандарды сәйкестендіру.



3-Тапсырма

Құрлымдалған ойын: «Аңдарға үйшік жасау»

